



бөбекжайының меңгерушісі
Л.А. Джумабекова

2024-2025 оқу жылының әдістемелік кеңес кестесі

Мақсаты: педагог, мамандармен бірлесе отыра жұмыс жүргізу, атқарылатын жұмыстың нәтижелерін арттыру.

Р/с	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	1.2024-2025 оқу жылында қазақстан республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыру туралы Әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.	қыркүйек	Әдіскер
2	№1 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы "Баланың белсенділігі-оның денсаулығы" әдістемелік кеңес	акпан	Әдіскер
3	№2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы. - «Ойын - тәрбие мен білім құралы» - Тақырыптық бақылау.«Ойын-сауықтар мен ертеңгіліктердің ұйымдастырылу деңгейі» - «Ата-ана мен заман талабына байланысты жұмыс түрлерінің ұйымдастырудың маңыздылығы» әдістемелік кеңес - Оқу жылының жұмысы қорытындысы нәтижесінде мадақтауға ұсынатын педагог кандидатурасын қарау	сәуір	Әдіскер

№1 Әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы

Тақырыбы: «Жаңа оқу жылында мектепке дейінгі ұйымда тәрбиелеу-білім беру процесін нормативтік-құқықтық құжаттарға сай ұйымдастыру»

Өткізілген күні: «12» қыркүйек 2024ж.

Өткізілген орны: «Смайлик» бөбекжайы

Қатысқандар: Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер

Күн тәртібінде:

2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы Әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.

Баяндамашы: Әдіскер

1. Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері А.Е.Хасанова сөз сөйледі. Ол өз баяндамасында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі тарапынан ұсынылған 2024-2025 оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқау хаттың мазмұны мен басты талаптарын егжей-тегжейлі түсіндіріп өтті.

Баяндамашының сөзінен: «Жаңа оқу жылында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандартын сапалы жүзеге асыру — баршамызға ортақ міндет. Биылғы нұсқау хатта баланың тұлғалық ерекшеліктеріне, оның еркін дамуына және ойын әрекеті арқылы білім алуына баса назар аударылған. Сонымен қатар, педагогтердің құжаттаманы жүргізуін оңтайландыру және бөбекжай ішіндегі бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері қатаң бақылауға алынады.»

Әдіскер жаңа оқу жылындағы мынадай маңызды бағыттарды ерекше атап көрсетті:

-Даму карталарын толтыру: Балалардың даму деңгейін бақылау және мониторинг жасау процесін жүйелендіру, индикаторларды объективті белгілеу;

-Ойын арқылы оқыту: Оқу қызметін ұйымдастыруда дайын шаблондардан бас тартып, баланың дербестігі мен шығармашылығын дамытатын сюжеттік-рольдік, дидактикалық ойындарға басымдық беру;

-Қауіпсіз орта: Бөбекжайдағы заттық-дамытушы ортаны баланың жас ерекшелігіне сай және психологиялық тұрғыдан жайлы, қауіпсіз етіп жасақтау.

Баяндама соңында әдіскер барлық жас ерекшелік топтарының тәрбиешілеріне өздерінің перспективалық және циклограммалық жоспарларын осы нұсқау хаттың талаптарына сәйкес қайта кұруды тапсырды.

Сұрақтар, пікір алмасу және талқылау:

Тәрбиеші: Жаңа оқу жылында балалардың даму деңгейін бағалау критерийлерінде және мониторинг жүргізу мерзімдерінде қандай да бір өзгерістер бар ма?

Әдіскер : Иә, баланың дамуын бақылау барысында оның тек білімі ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік-эмоционалдық дағдылары, дербестігі мен шығармашылық белсенділігі де

есепке алынады. Мониторинг бұрынғыдай бастапқы, аралық және қорытынды кезендер бойынша жүргізіледі, бірақ оның құралдары ойын түрінде ұйымдастырылуы тиіс.

Тәрбиеші: Мектепалды даярлық сыныптары мен топтарында балаларды мектепке дайындау барысында вариативтік компоненттерді қалай жоспарлаймыз?

Әдіскер: Вариативтік компоненттерді таңдау кезінде балалардың қызығушылықтары мен ата-аналардың сұраныстары ескерілуі қажет. Нұсқау хатқа сәйкес, бұл сағаттар балаға артық жүктеме түсірмейтіндей, логиканы, ұсақ моториканы және тілді дамытуға бағытталған қызықты үйірмелер түрінде ұйымдастырылғаны жөн.

Педагогикалық ұжым мүшелері нұсқау хаттың ережелерін бір ауыздан қолдап, жұмыс барысында туындауы мүмкін мәселелерді шешу жолдарын талқылады.

Шешім:

1. 2024-2025 оқу жылына арналған Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы Әдістемелік нұсқау хаттың талаптары басшылыққа және барлық педагогтардың жұмысына қабылданын.
2. Барлық топ тәрбиешілері музыка жетекшісі, қазақ тілі мұғалімі өздерінің жылдық, перспективалық жоспарларын және апталық циклограммаларын осы нұсқау хат негізінде қыркүйек айының ортасына дейін сапалы түрде әзірлеп, бекітуге өткізсін.
3. Топтардағы заттық-дамытушы ортаны нұсқау хаттың эстетикалық және қауіпсіздік талаптарына сәйкес жанарту жұмыстары қолға алынсын.
4. Осы шешімнің орындалуын бақылау және педагогтарға әдістемелік көмек көрсету бөбекжай әдіскері А.Е.Хасановаға жүктелсін.



Л.А.Джумабекова

Г.М.Адилханова

№2 Әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы

Тақырыбы: «Баланың белсенділігі — оның денсаулығы»

Өткізілген күні: «07» ақпан 2025ж.

Өткізілген орны: «Смайлик» бөбекжайы

Қатысқандар: Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер

Күн тәртібінде:

1. №1 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы туралы есеп.

Баяндамашы: Әдіскер А.Е.Хасанова

2. «Баланың белсенділігі — оның денсаулығы» тақырыбында мектепке дейінгі ұйымда балалардың қозғалыс белсенділігін арттыру және денсаулығын нығайту жолдары.

Баяндамашы: Әдіскер, қосымша баяндамашы: Тәрбиеші

1. Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері А.Е.Хасанова сөз алды. Ол қыркүйек айында өткен №1 әдістемелік кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысына тоқталды. Оқу жылының басында бекітілген Әдістемелік нұсқау хат талаптарына сай, барлық топтарда перспективалық жоспарлар мен циклограммалар уақытылы әзірленіп, бекітілгенін хабарлады. Даму карталарының аралық мониторингі жүргізіліп, балалардың жас ерекшеліктеріне сай заттық-дамытушы орта толық жаңартылғанын және бұл шешімдердің толықтай әрі сапалы орындалғанын атап өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әдіскер «Баланың белсенділігі — оның денсаулығы» тақырыбында негізгі баяндамасын жасады.

Баяндамашының сөзінен: «Мектепке дейінгі жастағы баланың үйлесімді дамуының басты кепілі — оның қозғалыс белсенділігі. Қазіргі таңда балалардың гаджеттерге әуестігінен гиподинамия (аз қозғалу) мәселесі жиі кездеседі. Біздің мақсатымыз — бөбекжайдағы баланың күнін қозғалысқа, серпінді ойындарға және сауықтыру шараларына толы ету. Белсенді бала — дені сау бала.»

Әдіскер балалардың денсаулығын нығайтудағы мынадай маңызды бағыттарды ашып көрсетті:

- **Шынықтыру шаралары:** Таңғы гимнастика, ұйқыдан кейінгі сергіту жаттығулары және табан майтабандығының (плоскостопие) алдын алу жолдары;
- **Қозғалыс ойындары:** Серуен кезінде және топ ішінде ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарын (асық, орамал тастау, соқыртеке т.б.) жиі ұйымдастыру;
- **Денсаулық сақтау технологиялары:** Педагогикалық процесте тыныс алу гимнастикасын, көз жаттығуларын және су-ауамен шынықтыру элементтерін қолдану.

Қосымша баяндама жасаған тәрбиеші ұйымдастырылған іс әрекеттерінде жана инновациялық әдістер мен спорттық ойын элементтерін қолданудың нәтижелерімен бөлісті.

Сұрақтар, пікір алмасу және талқылау:

- **Тәрбиеші:** Серуен кезінде ауа райы қолайсыз болған күндері балалардың белсенді қозғалысын топ ішінде қалай ұйымдастыруға болады?
- **Әдіскер:** Ондай жағдайда топ бөлмесіндегі «Денсаулық бұрышын» тиімді пайдалану керек. Массаждық кілемшелермен жүру, шағын эстафеталық ойындар мен музыкалық-кимылдық жаттығуларды өткізу тиімді.
- **Тәрбиеші:** Балалардың денсаулығын сақтау жұмыстарына ата-аналарды қалай тартамыз?
- **Әдіскер:** Ата-аналармен бірлескен «Әкем, шешем және мен — спорттық отбасы» сияқты спорттық сайыстар ұйымдастырып, отбасындағы салауатты өмір салты туралы онлайн кеңестер (челленджер, паракшалар) жүргізу қажет.

Шешім:

1. №1 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы туралы әдіскердің есебі қанағаттанарлық деп танылсын және бақылаудан шығарылсын.
2. «Баланың белсенділігі — оның денсаулығы» тақырыбындағы баяндама бойынша ұсыныстар жұмысқа қабылдансын.
3. Барлық топ тәрбиешілері күнделікті циклограммада таңғы айдау, ұйқыдан ояту жаттығулары мен тыныс алу гимнастикаларын жүйелі түрде өткізуді қатаң қолға алсын.
4. Серуен уақытында балалардың қозғалыс белсенділігін арттыру мақсатында қазақтың ұлттық ойындары мен спорттық ойын элементтері (доп, секіртпе, құрсаумен) кеңінен қолданылсын.
5. Ата-аналар арасында бала денсаулығы мен белсенділігін арттыру бағытында ақпан-наурыз айларында ашық есік күндері немесе спорттық шаралар ұйымдастырылсын.
6. Шешімнің орындалуын бақылау бөбекжай әдіскеріне жүктелсін.



Л.А.Джумабекова

Г.М.Адилханова

№3 Әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы

Тақырыбы: «Ойын арқылы дамыту, серіктестік қарым-қатынас және оқу жылын қорытындылау бағыттары»

Өткізілген күні: «18» сәуір 2025ж.

Өткізілген орны: «Смайлик» бөбекжайы

Қатысқандар: Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер

Күн тәртібінде:

1. №2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалу барысы туралы есеп.
Баяндамашы: Әдіскер А.Е.Хасанова
2. «Ойын – тәрбие мен білім құралы» тақырыбында оқу-тәрбие процесінде ойын технологияларын тиімді қолдану жолдары.
Баяндамашы: Тәрбиеші М.Ә.Бисекешова
3. Тақырыбық бақылау қорытындысы: «Ойын-сауықтар мен ертенгіліктердің ұйымдастырылу деңгейі».
Баяндамашы: Әдіскер А.Е.Хасанова
4. «Ата-ана мен заман талабына байланысты жұмыс түрлерін ұйымдастырудың маңыздылығы» әдістемелік кеңес (кеңес-сұхбат).
Баяндамашы: Тәрбиеші О.В.Балашова
5. Оқу жылының жұмысы қорытындысы нәтижесінде мадақтауға ұсынылатын педагог кандидатураларын карау.
Баяндамашы: меңгерушісі Л.А.Джумабекова

1. Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері сөз сөйледі. Ол ақпан айында өткен №2 әдістемелік кеңестің шешімдері бойынша топтарда балалардың қозғалыс белсенділігі мен денсаулығын нығайту жұмыстарының қалай жүргізілгенін айтты. Циклограммадағы таңғы жаттығулар, тыныс алу гимнастикалары мен серуендегі ұлттық ойындар талапқа сай орындалғанын мәлімдеп, №2 кеңес шешімдерін бақылаудан шығаруды ұсынды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша тәрбиеші «Ойын – тәрбие мен білім құралы» тақырыбында баяндама жасады. Ол мектепке дейінгі жастағы баланың өміріндегі негізгі әрекет — ойын екенін, ойын арқылы баланың тілі, логикасы мен әлеуметтік дағдылары қалыптасатынын мысалдармен көрсетті. Топтарда сюжеттік-рольдік және дидактикалық ойындардың заманауи түрлерін қолдану қажеттілігін атап өтті.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша әдіскер сәуір айында жүргізілген тақырыптық бақылаудың қорытындысын оқыды. Бақылау мақсаты — бөбекжайдағы «Ойын-сауықтар мен ертенгіліктердің ұйымдастырылу деңгейін» анықтау болды. Әдіскер мерекелік іс-шаралардың сценарийлері балалардың жас ерекшелігіне сай екенін, бірақ кейбір топтарда балаларды мерекеге дайындау кезінде шамадан тыс жүктеме түсіру (үзақ

репетициялар) кездесетінін ескертті. Ертеңгіліктер балалар үшін салмақ емес, қуаныш сыйлайтын ойын-сауық түрінде өтуі тиіс екенін қатаң ескертті.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша «Ата-ана мен заман талабына байланысты жұмыс түрлерін ұйымдастырудың маңыздылығы» тақырыбында кеңес өткізілді. Баяндамашы қазіргі заман талабына сай ата-аналармен жұмыс істеудің дәстүрлі емес формаларын (тренингтер, коучингтер, бірлескен жобалар, шеберлік сыныптары) қолданудың тиімділігін дәлелдеді. Бала тәрбиесінде отбасы мен бөбекжайдың серіктестігін нығайту басты орында болуы қажет.

Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі сөз алып, 2024-2025 оқу жылының қорытындысы бойынша белсенділік танытқан, шығармашылықпен жұмыс істеген және қалалық байқауларда жүлделі орындарға ие болған педагогтардың кандидатураларын мадақтауға (Құрмет грамотасы, Алғыс хат) ұсынды. Кеңес барысында үш тәрбиешінің кандидатуралары талқыланып, қолдау тапты.

Сұрақтар мен талқылау:

-Тәрбиеші: Ертеңгіліктерді ұйымдастыруда ата-аналардың қатысу белсенділігін қалай арттырамыз?

-Әдіскер: Ата-аналарды тек көрермен ретінде ғана емес, ертеңгіліктегі кейіпкерлер ретінде немесе балалармен бірге ойналатын ортақ ойындарға тарту арқылы белсенділікті арттыруға болады.

-Тәрбиеші: Мадақтауға ұсынылған педагогтардың құжаттары қашанға дейін дайындалуы керек?

-Әдіскер: Ұсынылған педагогтардың портфолиосы мен марапаттау парақтары мамыр айының 10-на дейін дайын болуы тиіс.

Шешім:

1. №2 әдістемелік кеңестің шешімдері толық орындалды деп танылсын және бақылаудан шығарылсын.
2. «Ойын – тәрбие мен білім құралы» тақырыбы бойынша тәрбиешілер оқу қызметінде дамытушы және интерактивті ойын технологияларын қолдануды жүйелі түрде жалғастырсын.
3. «Ойын-сауықтар мен ертеңгіліктердің ұйымдастырылу деңгейі» тақырыптық бақылауының қорытындысы бойынша анықталған кемшіліктер ескерілсін. Музыка жетекшісі мен тәрбиешілер мерекелік іс-шараларды балаларға артық психологиялық жүктеме түсірмейтіндей, еркін және ойын-сауық форматында ұйымдастырсын.
4. Заман талабына сай ата-аналармен кері байланысты нығайту үшін мамыр айында әр топта дәстүрлі емес бағыттағы (дөңгелек үстел, тренинг) ата-аналар жиналысы өткізілсін.
5. Оқу жылының қорытындысы бойынша шығармашылық жетістіктері үшін тәрбиешілер А.С.Габдушева бөбекжай ішілік мадақтауға бір ауыздан ұсынылсын.

6. Шешімдердің орындалуын бақылау бөбекжай әдіскеріне жүктелсін.



Л.А.Джумабекова

Г.М.Адилханова